

"Invest Capital Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 23 сәуірдегі № 114 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Invest Capital Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2031 жылғы 29 қазанға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының жерлерінде орналасқан жалпы ауданы – 2439,2855 гектар жер учаскелеріне қаумдық сервитут белгіленсін.

2. "Invest Capital Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.

А.Сатыбалдин

Қарқаралы ауданының әкімдігінің

2026 жылғы "___" _____

№ _____ қаулысына

қосымша

"Invest Capital Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

--	--	--	--	--

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	қауымдық сервитут белгіленуге ж а т а т ы н учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Магазов Айнабек	09:133:054-059	2700,0000	434,0000
2	Магазов Айнабек	09:133:053:053	0,0560	0,0560
3	Акбаев Турсын Бекмаганбетович	09:133:053:1009	0,0552	0,0552
4	ГУ "Отдел жилищно-Коммуна льного хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных д о р о г Каркаралинского района	09:133:053:051	0,0200	0,0200
5	Аукенов Олжатай Шотович	09:133:053:219	0,0526	0,0526
6	Ахметов Бекзат Абзалбекович	09:133:053:252	0,0955	0,0926
7	Ахметов Бекзат Абзалбекович	09:133:054:073	1000,0000	242,5000
8	Сельский округ им.Таттимбета	09:133:054:		607,4337
9	Ауыл Шилдебай	09:133:053:		1124,1784
10	Ауыл Осибай	09:133:063:		30,8970
	Барлығы			2439,2855